

ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАН ХАЛЫҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНДЕ



Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды анықтау



Өзін - өзі жұмыспен қамтыған адамдар * - жеке тұлғаға жататын табыс алу үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтер өндірумен (сатумен) айналысатын адамдар, өндірістік кооперативтер мүшелері, отбасылық кәсіпорындардың (шаруашылықтардың) ақы төленбейтін қызметкерлер және жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланатын жұмыс берушілер саны.

Өзін - өзі жұмыспен қамту** - бұл сыйақы мөлшері тауарлар мен қызметтерді өндіруден (сатудан) алынатын табысқа тікелей байланысты жұмыспен қамтылуы (мұнда меншікті тұтыну табыстың бір бөлігі ретінде қаралады).

Дербес қызметкерлер * * - өздігінше немесе бір немесе бірнеше серіктестермен жұмыс істей отырып, өзін-өзі жұмыспен қамту негізінде қызметпен айналысатын және тұрақты негізде қызметкерлерді жалдамайтын жеке тұлғалар.

* «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының заңы;

** ҚР ҰЭМ статистика комитетінің " үй шаруашылықтарына іріктемелі зерттеу жүргізу бойынша сұхбат алушыларға арналған әдістемелік ұсынымдар" (30.12.2014ж. №7)

Әдістемелік ұсынымдар Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) стандарттары, Жұмыспен қамту және жұмыссыздық мәселелері жөніндегі Еңбек Статистиктерінің халықаралық конференциясының резолюциялары негізінде әзірленді

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдардың саны қалай анықталады*



Бастапқы ақпарат көзі -Т-001 "халықтың жұмыспен қамтылуын іріктемелі зерттеу сауалнамасы" статистикалық нысаны бойынша **халықты іріктемелі зерттеу** (ҚР ҰЭМ Статистика комитеті Төрағасының 2014 жылғы 8 желтоқсандағы № 71 бұйрығы

Тексеру кезеңі - аптасына ақпарат - жылына 6 рет


Кім тексеріледі - іріктемеге түскен жеке үй шаруашылығы (қалалық және ауылдық) және **15 және одан жоғары жастағы үй шаруашылығының әрбір мүшесі**

Жұмыспен қамту мәртебесі қалай анықталады - **нақты тұлға** сұхбат берушілердің жауаптары негізінде **жұмыспен қамтылған немесе жұмыссыз халыққа жатады:**

- халық жұмыспен қамтылған немесе жұмыссыздарға және жұмыс күшінің құрамына кірмейтін адамдарға жұмыс күшінің құрамына қатысу мәртебесі бойынша жіктеледі.
- жұмыспен қамтылған адамдар жұмыспен қамтылғандар мәртебесінің халықаралық сыныптамасы негізінде жалдамалы қызметкерлерге және өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарға бөлінеді.

* ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің "өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың санын, олардың орташа айлық табыстарының деңгейін және жұмыссыз халықтың санын айқындау әдістемесі" (19.01.2016 ж. №11)

Халықты жұмыспен қамту мәртебесі бойынша сыныптама*



*Жұмыспен қамту мәртебесінің халықаралық сыныптама (Еңбек статистикаларының халықаралық конференциялары және Халықаралық еңбек ұйымының ұсынымдары)

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың ресми статистикасы



* келесі топтар бойынша қалыптасады:

1. тұрақты мекен-жайы тобы бойынша;
2. аймақтар бойынша;
3. жынысқа қатысты;
4. жастық топтары бойынша;
5. білім деңгейі бойынша;
6. жұмыспен қамтылған мәртебесі бойынша;
7. жұмыспен қамтылған топтары бойынша;
8. экономикалық қызмет түрі бойынша;
9. табыс деңгейі бойынша.

* ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің "өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың санын, олардың орташа айлық табыстарының деңгейін және жұмыссыз халықтың санын айқындау әдістемесі" (19.01.2016 ж. №11)

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың ресми статистикасы




* ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің "өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың санын, олардың орташа айлық табыстарының деңгейін және жұмыссыз халықтың санын айқындау әдістемесі" (19.01.2016 ж. №11)

Жынысқа қатынасты өзін-өзі жұмыспен қамтығандар*

(мың.адам)

	2014 (2 тоқ.)		2015 (2 тоқ.)		2016 (2 тоқ.)		2017(2 тоқ.)	
Жалпы өзін-өзі қамтығандар	2 611	үлесі	2 312	үлесі	2 179	үлесі	2 159	үлесі
Ер адамдар	1 357	52%	1 233	53%	1 195	55%	1 180	55%
Әйелдер	1 254	48%	1 078	47%	984	45%	980	45%

* ҚР ҰЭМ статистика Комитетінің ресми сайты




Жұмыспен қамтылған мәртебесі бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтығандар*



	2014 (2 тоқ.)	2015 (2 тоқ.)	2016 (2 тоқ.)	2017 (2 тоқ.)
Жұмыс берушілер	166 226	116 099	105 527	105 738
Жеке негізде	1 502 390	1 395 369	1 505 600	1 531 731
Жеке қосалқы шаруашылықтағы	906 090	784 575	558 999	509 473
Өндіріс кооперативі	11 474	3 721	1 319	851
Отбасылық кәсіпорынның ақ төленбейтін жұмысшылары	24 531	11 812	7 792	11 515

*ҚР ҰЭМ статистика Комитетінің ресми сайты




Жасқа қатысты өзін-өзі жұмыспен қамтығандар*


	Жалпы	15-24 жас	25-54 жас	55-64 жас	65 және одан жоғары жас
2014 (2 кв.)	2 610 711	381 755	1 881 952	294 352	52 652
2015 (2 кв.)	2 311 576	326 485	1 658 027	269 518	57 546
2016 (2 кв.)	2 179 237	270 616	1 601 328	266 834	40 459
2017 (2 кв.)	2 159 308	252 845	1 594 921	266 499	45 043

*ҚР ҰЭМ статистика Комитетінің ресми сайты


2014 (2 тоқ.)



2017 (2 тоқ.)



БЗЖҚ белсенді салымшылары



Халықаралық тәжірибеден:



Малайзияның кәсіби жинақтаушы қоры (EPF)



Салымшылар саны:

- Жалпы: 14.5 млн
- Белсенді: 6.8 млн

2016 жылы белсенді салымшылар саны 5 659 793 (65%) құрады

Қорытынды



Ресми статистикалық деректер бойынша :

- 2014-2017 жылдары өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың орташа саны шамамен 2,3 млн. адамды құрады;
- өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық санының төмендеу үрдісі байқалады: 2015 ж. - 11,5%, 2016 ж. - 5,7%, 2017 ж. - 0,9% %;
- өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық санындағы ерлердің бөлігі өсуде: 2014 жылы - 52 %, 2017 жылы - 55% және тиісінше әйелдердің бөлігі қысқарды – 48% және 45%;
- белсенді еңбекке қабілетті жастағы адамдар (25-54 жас) өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың басым бөлігін құрайды: 2014 жылы - 72%, 2017 жылы - 74%, 55-64 жастағы адамдардың бөлігі тиісінше: 11% және 12%;
- жеке негізде жұмыс істейтін тұлғалар : 2014 ж. - 58%, 2017 ж. – 71%, жеке қосалқы шаруашылықтарда жұмысшылар 2014 ж. - 35%, 2017 ж. -24% құрады, жұмыс берушілер 2014 ж. – 6%, ал 2017 ж. - 5% болды, яғни жеке қосалқы шаруашылықтарда жұмыс істейтін жұмысшылар және жұмыс берушілер қысқарған кезде жеке жұмыспен қамтылған адамдар саны көбейіп келеді.

Осылайша, ресми деректер бойынша Қазақстанда өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың сандық және құрылымдық параметрлерінің жақсаруы байқалады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар бойынша Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасы

БЖЗК-ға міндетті зейнетақы жарналарын (бұдан әрі - МЗЖ) төлеу жөніндегі агенттер:

- жеке тұлғалар;
- Қазақстан Республикасында қызметін шетелдік заңды тұлғалардың тұрақты мекемелері, филиалдары, өкілдіктері арқылы жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаны қоса алғанда, заңды тұлғалар;
- жеке кәсіпкерлер;
- жеке нотариустар;
- жеке сот орындаушылары;
- адвокаттар;
- кәсіби медиаторлар;
- арнаулы салық режимін қолданатын шаруа немесе фермер қожалықтары және оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын кіші бизнес субъектілері.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы азаматтарының келесі санаттарына МЗЖ төлеу мүмкіндігі қарастырылған:

- 1) мәні жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық келісімдер бойынша жұмыстарды орындаушылар;
- 2) Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінде және консулдық мекемелерінде жұмыс істейтіндер;
- 3) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жұмыс істейтіндер.

Зейнетақы заңнамасында Қазақстан Республикасының өзін-өзі жұмыспен қамтыған халқын ішінара қамту қарастырылған.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдардың зейнетақы жүйесіне қатысуы үшін ҚР заңнамасына қажетті өзгерістер

ҚР зейнетақы заңнамасымен БЗЖҚ-ға МЗЖ төлеу жүргізетін төменде көрсетілген санаттағы тұлғалар қамтылмаған:

- 1) өз кәсіпорнында, фермер шаруашылығында кәсіпорынды заңды тұлға ретінде тіркеусіз жұмыс істейтіндер;
- 2) кәсіпкерлік қызметпен айналысатындар (қызметін тіркеусіз);
- 3) үй шаруашылығында сату үшін ауыл, орман шаруашылығы, аң аулау, балық аулау өнімдерін өндірумен айналысатындар;
- 4) үй шаруашылығында сату үшін өнеркәсіптік тауарлар өндіру және қызметтер атқарумен айналысатындар.

БЖЗҚ-ға МЗЖ төлеу бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер/толықтырулар енгізу қажет*:

- БЖЗҚ-ға МЗЖ төлеуді жүзеге асыруға құқығы бар тұлғалардың тізімін кеңейту;
- тұрақты табыстың болмауына байланысты айлық табыстың 10% мөлшерінде БЖЗҚ-ға МЗЖ аударудағы шектеуді алып тастау, сондай-ақ олардың табысы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген еңбек ақының ең төменгі мөлшерінен кем болуы мүмкін;
- БЖЗҚ-ға МЗЖ аудару тәртібін регламенттау;
- БЖЗҚ-ға МЗЖ уақтылы төлемеген кезде өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғаларға қатысты өсімақы төлеуді алып тастау.

*«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есеміне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1116 Қаулысы.